

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯЛЫҚ СОТЫНДА

15 қаңтар 2024

№: AIFC-C/CFI/2023/0029 ic

«GENERAL CONTRACTORS GROUP» ЖШС

Талапкер

қарсы

«BI CONSTRUCTION & ENGINEERING LLP» ЖШС

Жауапкер

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Сот Судьясы:

Судья Эндрю Спинк КС

БҰЙРЫҚ

1. Сот 2017 жылғы АХҚО Компаниялар туралы регламентінің 124-бабының негізінде Талапкер мен Жауапкердің бірігуін қамтитын қайта құру жөніндегі ұсынылған келісімді мақұлдайды.
2. 2017 жылғы АХҚО Компаниялар туралы регламентінің 126-бабына сәйкес, Сот 2023 жылғы 28 шілдеде олардың арасында жасалған Бірігу туралы келісімнің шарттарына сәйкес Жауапкерді Талап қоюшымен біріктіруді бұйырады.

ШЕШІМ

1. 2023 жылғы 20 қыркүйектегі (бұдан әрі – «Талап арыз нысаны») талап/өтініш нысаны бойынша AIFC-C/CFI/2023/0029 нөмірлі іс шеңберінде талап қоюшы «General Contractors Group Ltd» ЖШС (Бизнес сәйкестендіру нөмірі («БСН») 230640900342) (бұдан әрі – «Компания») жауапкер «VI Construction & Engineering» ЖШС (БСН 170840021153) (бұдан әрі – «ЖШС») тарапынан қарсылықсыз төмендегідей соттан қорғау шараларын сұрайды:
(а) 2017 жылғы АХҚО Компаниялар туралы регламентінің («АХҚО Компаниялар регламенті») 124-бабы негізінде Компания мен ЖШС арасында ұсынылған, ЖШС-ны Компанияға біріктіруді көздейтін қайта құру жөніндегі келісімді бекіту туралы сот ұйғарымын шығару; және
(б) АХҚО Компаниялар регламентінің 126-бабы негізінде ЖШС-ны Компанияға біріктіруді жүзеге асыру туралы сот ұйғарымын шығару.
2. Бұдан әрі «Х құжаты» деген сілтемелер талап арыз нысанына тіркелген және онда көрсетілген реттік нөмірі «Х» деп белгіленген құжаттарға қатысты қолданылады.
3. Компания Астана халықаралық қаржы орталығында тіркелген Жауапкершілігі шектеулі жеке компания болып табылады [*Құжаттар 3 (Компанияны тіркеу туралы куәлік) және 5 (Компанияға қатысты заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік), сондай-ақ Талап арыз нысанының 2-бөлімі, 1-тармағы*] және АХҚО Компаниялар регламентінің мәні бойынша «Компания» ұғымына сәйкес келеді (аталған регламенттің 1-қосымшасының 4-тармағындағы анықтамаларға қараңыз).
4. Компанияның акционерлері жеке компания «VI Group Ltd» және «VI Capital» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып табылады және олар Компанияның «Құрылтайшылары» әрі жалғыз акционерлері болып табылады [*Құжаттар 1 (Компанияның Жарғысы) және 5*].
5. ЖШС АХҚО аумағынан тыс тіркелген және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға болып табылады. Компанияның құрылтайшылары мен акционерлері ЖШС-ның да жалғыз құрылтайшылары және акционерлері болып табылады [*Құжат 4 (ЖШС-ға қатысты заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы мемлекеттік куәлік)*].

6. Талап арыз нысанында Компания атынан қол қоюға тиісті өкілеттігі бар және Компаниядан сенімхат негізінде әрекет ететін Әбілтісіпова Айгерім Әбілхазиқызы қол қойған шындыққа сәйкес мәлімдемеген (бұдан әрі – «Мәлімдеме») расталғандай [Құжат 8], Компанияның акционерлері Компания атынан, сондай-ақ ЖШС-ның акционерлері ЖШС атынан ЖШС-ны Компанияға біріктіруге келісім бергені талап арыз нысанына тіркелген құжаттармен қосымша расталған [Талап арыз нысаны, 2-бөлімнің 3 және 4-тармақтары және Құжаттар 10 (Компанияның акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының хаттамасы) және 11 (ЖШС акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының хаттамасы)].
7. Талап арыз нысанында төменде көрсетілген талаптар тікелей қарастырылмағанымен, келесілерге назар аударылады:
- a) АХҚО Компаниялар регламентінің 124(2)-бабына сәйкес Соттың Компания акционерлерінің жиналысын өткізу туралы қаулы шығару құқығы бар болғанымен, бұл жағдайда мұндай қаулы қажет емес, себебі жоғарыда көрсетілгендей, жалғыз акционерлер ұсынылған рәсімді алдын ала мақұлдаған;
 - b) АХҚО Компаниялар регламентінің 124(3)-бабына сәйкес акционерлердің жиналысына қатысып дауыс берген акционерлердің кемінде үштен екісінің дауысын жинау талабы орындалған (Талап арыз нысанында көрсетілген Құжат 10);
 - c) 2023 жылғы 28 шілдедегі «[ЖШС]-ны [Компанияға] біріктіру туралы келісімге» (Талап арыз нысанында көрсетілген Құжат 13) (бұдан әрі – «Бірігу туралы келісім») сәйкес:
 - 1. Компания өзінің және ЖШС-ның қайта ұйымдастырылуы жөнінде Компания кредиторларын хабардар ету міндетін алған; және
 - 2. ЖШС өзінің және Компанияның қайта ұйымдастырылуы жөнінде ЖШС кредиторларын хабардар ету міндетін алған.
8. Өтінішті қолдау үшін тіркелген құжаттар мыналарды қамтиды:
- a) жоғарыда көрсетілген әртүрлі құжаттар;
 - b) ЖШС Жарғысы [Құжат 2];
 - c) Бірігу туралы келісім [Құжат 13];
 - d) Компанияның мемлекеттік кірістер органдарында есепке алынған берешегі жоқ екендігі туралы растау [Құжат 6];
 - e) ЖШС-ның мемлекеттік кірістер органдарында есепке алынған берешегі жоқ екендігі туралы растау [Құжат 7];
 - f) Компанияның ЖШС-мен бірігу жолымен қайта ұйымдастырылуына байланысты ЖШС-ның анықталған 13 кредиторына жолданған хабарламалардың көшірмелері [Құжат 9];
 - g) ЖШС-ның 2023 жылғы 1 тамыздағы қаржылық есептілік деректері [Құжат 14].
 - h) Компанияның 2023 жылғы 1 тамыздағы қаржылық есептілік деректері [Құжат 15];

- i) Бірігу туралы келісімнің негізінде ЖШС-дан Компанияға берілетін активтер, капитал және міндеттемелер туралы кәулік *[Құжат 16]*.
9. Бірігу туралы келісімде Компания мен ЖШС арасында қайта ұйымдастыруды Компания мен ЖШС-ның бірігуі түрінде жүргізу туралы келісім сипатталған, ол ЖШС-ның мүлкін, сондай-ақ барлық құқықтары мен міндеттемелерін Компанияға беруді қамтиды. Бірігу туралы келісімнің 1.1-тармағында жоғарыда аталған Компания мен ЖШС-ның кезектен тыс жалпы жиналыстарының хаттамаларына *[Құжаттар 10 және 11]* тікелей сілтеме жасалып, аталған құжаттарда тіркелген Компания мен ЖШС шешімдері бірігу туралы келісімнің мәні болып табылатын қайта ұйымдастырудың негізі екендігі көрсетілген.
10. Менің пайымдауымша, бұл жағдайда АХҚО Компаниялар регламентінің 124-бабы қолдануға жатады, себебі жоғарыда қорытындыланған мәселелер Компания мен оның 100% акционерлері арасында ұсынылған келісім болып табылады (124-баптың 1-тармағының «b» тармақшасы).
11. Ұсынысты дауысқа салу үшін акционерлердің жиналысын өткізу туралы сотқа өтініш келіп түскен жоқ (124-баптың 2-тармағы), әрі жоғарыда 7(a)-тармақта көрсетілген себептерге сәйкес мұндай қаулы қажет еместігін дұрыс деп санаймын.
12. Сотқа ұсынылған келісімге қарсылық туралы хабарланған жоқ. Сонымен қатар, ұсынылған келісім үшінші тұлғалардың жағдайын жеткілікті түрде қорғайды деп санаймын, өйткені ЖШС-ның барлық міндеттемелері Компанияға мынадай жағдайларда берілетін болады:
- a) сотқа ақпарат ұсынылған барлық кредиторлар мен шарттық тараптар ұсынылған қайта ұйымдастыру туралы хабарландырылған *[Құжат 14]*, ал ЖШС-ның активтері мен капиталы оның міндеттемелерінің құнына шамалас болып табылады *[Құжаттар 14 және 16]*;
 - b) Компанияның өзге дербес міндеттемелері жоқ *[Құжат 15]*;
 - c) қайта ұйымдастыру мен бірігуден кейін Компанияның жарғылық капиталы Компания мен ЖШС-ның тең бастапқы капиталдарының жиынтығына тең болады (Бірігу туралы келісімнің 3.1-тармағы); және
 - d) Компания мен ЖШС ұсынылған қайта ұйымдастыруға, атап айтқанда ЖШС-ның барлық міндеттемелерін Компанияға беруге келісім беріп отыр, бұған дейін тараптар бір-біріне өздерінің барлық активтері мен міндеттемелерін толық ашып көрсеткен.
13. Осы мән-жайларды ескере отырып, мен Соттың ұсынылған келісімді АХҚО Компаниялар регламентінің 124(3)-бабы бойынша қаулымен бекітуі орынды деп есептеймін.
14. АХҚО Компаниялар регламентінің 126-бабында, егер Компания мен оның акционерлері арасындағы келісімді бекіту үшін 124-бап бойынша Сотқа өтініш берілсе, «*Сот өз қалауы бойынша Компанияны қайта құруды немесе Компанияны кез келген басқа компаниямен біріктіруді қоса алғанда, ... келісімді жеңілдету үшін кез келген қаулы шығара алады*» деп

көзделген. Сондай-ақ аталған бапта «осы бапта “Компания” ұғымы АХҚО-дан тыс тіркелген корпоративтік тұлғаны қамтиды деп есептелуі мүмкін» деп көрсетілген.

15. Бұл ретте, Соттың 126-бап бойынша қаулы шығару өкілеттігі бар ма деген мәселе туындайды, өйткені осы істегі бірігуге қатысушы субъектілердің бірі – ЖШС, АХҚО Компаниялар регламентінің 1-қосымшасының 4-тармағына сәйкес АХҚО-да тіркелген «Жеке компания» немесе «Ашық компания» мәніндегі «Компания» болып табылмайды әрі «корпоративтік тұлға» да емес, себебі ол корпоративтік тұлғаға қарағанда, жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып табылады. Осыған байланысты, мен әділқазы сэр Стивен Ричардстың 2021 жылғы АХҚО сотының AIFC-C/CFI/2021/0002 нөмірлі ісі бойынша [11]-тармақтағы шешімінде баяндалған және қабылданған тәсілін құрметпен қолдаймын. Ол өз шешімінде былай деген:

«ЖШС-ның Компаниямен бірігуі ұсынылған келісімнің өзегін құрайды және менің пікірімше, келісімді іске асыру үшін бірігуді жүзеге асыру орынды. АХҚО-дан тыс тіркелген шектеулі серіктестікті қамтитын бірігу аталған баптың сөзбе-сөз тұжырымында қарастырылмаған, алайда бұл тұжырым бірігу нысандарының толық тізбесі болып табылмайды (“...Компанияның кез келген басқа компаниямен бірігуін қоса алғанда”). Мен принциптік тұрғыдан Компанияны шектеулі серіктестікпен біріктіруге қатысты қаулы шығаруға ешқандай кедергі көріп тұрған жоқпын, сондай-ақ АХҚО-дан тыс тіркелген шектеулі серіктестік осы тұрғыда АХҚО-дан тыс тіркелген корпоративтік тұлғадан нашар жағдайда болуы тиіс дегенге де негіз жоқ». (астын сызған менікі)

16. Осыған байланысты мен Сот 2017 жылғы 28 шілдеде тараптар арасында жасалған Бірігу туралы келісімнің [Құжат 13] негізінде ЖШС-ны Компаниямен біріктіру туралы АХҚО Компаниялар регламентінің 126-бабы бойынша қаулы шығаруы тиіс деген қорытындыға келемін.

Сот қабылдады,

Судья Эндрю Спинк КС